


*Жаңа түскен баслымдардың  
виртуалды көрмесі*

*№ 12, 2018*

*Виртуальная выставка  
новых поступлений  
научных изданий*



### **Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы.**

**Құрастырушылар: Б. Ахмер, М. Абламбаева. «Ата-анаға көз қуаныш». Алматы./«Қаламгер» баспасы, 2018. - 30 бет.**


Бұл жинаққа ұлы ақын Абай Құнанбайұлының мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп шәкірттерінің қабылдауына лайықты өлеңдері іріктеліп алынды. Оқу мен білім, өнер мен еңбек және туған жердің табиғаты туралы жауһар жырлардың жас ұрпаққа берер терең тәрбиелік өнегесі мол.



### **Артықбаев Ж.**

**Қазақстан тарихы: Оқулық. Ж. Артықбаев, С. Раздықов. - Астана: Фолиант, 2018.-240 б.**

«Қазақстан тарихы» оқулығы біздің отанымыздың ең көне кезеңінен бастап қазіргі күнге дейінгі тарихын қамтиды. Оқулық біздің мемлекеттік тарихымыздың маңызды кезеңдерін қамтитын 4 бөлімнен тұрады.



**Тұрысбеков Б.**

**Кәсіпқой автослесарь: Оқу құралы / Б. Тұрысбеков, С. Тұрысбеков. - Астана: Фолиант, 2018. - 144 б.**


Ұсынылып отырған оқу құралында автослесарьдың жұмыс орны мен орындайтын жұмыстарының түрлері, жұмыста қолданылатын құралдар мен жабдықтардың, қондырғылардың пайдалану тәсілдері, автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу мерзімділіктері мен жұмыс түрлері келтірілген. Оқу құралында автомобиль тетіктерінде пайда болатын ақаулардың түрлері, олардың себептері, оларды анықтау тәсілдері және негізгі ақауларды жою жолдары қарастырылған.



**Елшібаева К.Ф.**

**Суицидтің алдын алу. - Алматы, Нур-Принт, 2017 - 124 б.**


Балалардағы суицидті жағдайлар импульсивті, жағдайлы және жоспарланбаған болып жиі кездеседі. Суицид жағдайына бару өмірге енімсіз (қорғанышты) бейімделудің салдары - адаммен немесе отбасымен, жақындарымен және сыртқы дүниемен бөлектену механизмі әрекеті негізінде болады: өмірлік қиын жағдайларды жарамсыз, адекватты емес жолдарымен шешу. Осы жазылған еңбек Сізге, білім беру мекемелеріндегі суицидтің алдын алу шараларын жоспарлауға, сонымен бірге топтық психологиялық тренинг арқылы көмек көрсетуде психологтар, педагогтар, тәрбиешілер, ата-аналарға мүмкіндік береді.



**Селенова Б.**

**Табиғи және жасанды газдар: Оқу құралы. / Б. Селенова. - Астана: Фолиант, 2018. - 88 бет.**

Ұсынылып отырған оқу құралында табиғи және жасанды газдардың шығу көздері, олардың жалпы физикалық қасиеттері мен заңдылықтары, көмірсутекті газдарды тасымалдауға және өндеуге дайындау технологиялары, жасанды газдарды алу технологиялары қамтылған. Оқу құралында бақылау сұрақтары мен әдебиеттер тізімі берілген.




**Елшібаева К.Ғ.**

**Сезім. Отбасы. Энергетика. - Алматы: Нур-Принт, 2017 - 56 с.**

Қызықты да жан-жақты талданып жазылған осы еңбекте, жантануда кәсіпті мамандар мен жаңадан бастаған психологтарға, жалпы оқырмандарға аса пайдалы жұмыс ретінде ұсынылуда.


Өмірдің қилы-қилы соқпақтарынан алынған әртүрлі жағдайлар, көп нәрсені түсініп, бірталай жайды тереңінен сезінуге мүрсат береді. Күнделікті күйбелең тіршілікті жаңа қырынан коруге мүмкіндік аласыз.



**Дүйсенбаев А.**

**Педагогика: Оқулық / А. Дүйсенбаев. - Астана: Фолиант, 2018. - 264 б.**

Бұл оқулық мазмұнында педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері, пәнаралық бағыттағы педагогикалық үдерістің ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар, практикалық сабақтардың жоспары, өзіндік жұмыс тапсырмалары, емтихан сұрақтары, глоссарий, әдебиеттер тізімі берілген.



**К. Әлпейісова**

**Ілеспе аударма: таным мен тәжірибе: Оқу құралы. - Алматы: «Арда», 2018. - 152 бет.**


Ел мен елдің қарым-қатынасын, өркениеттің дамуын камтамасыз ететін факторлардың бірі - аударма. Қазақстанның ұстанып отырған саясатына сәйкес, халықаралық қатынаста аудармаға, оның ішінде аударманың жоғары деңгейі — ілеспе аудармаға деген сұраныс жылдан жылға артып келе жатыр. Ұсынылып отырған еңбек осы мамандықтың қыр-сырын ашып көрсетіп, талапкерлерді тәрбиелеуге арналған.

Ілеспе аудармашыға қойылатын талап деңгейі күн сайын арта түсуде. Осы жағдайды ескерген автор оқырманды ілеспе аударма жасаудың теориялық негіздерімен таныстыра отырып, талапкерлерге көмек ретінде өзі ілеспе аударма жасаған кезде сынақтан өткізіп, дұрыстығына көз жеткізен мысалдарды ұсынады.



**Өсімдік шаруашылығы практикумы / Қ. Әрінов, Н. Можаяев, Н. Шестакова, М. Ысқақов, Н. Серекпаев. - Астана: Фолиант, 2018. - 360 б.**


Агрономия мамандықтарына арналған оқу құралында «Өсімдік шаруашылығы» пәні бойынша зертханалық сабақтардың жадығаттары келтірілген. Өндірістік маңызы бар негізгі екпе дақылдардың морфологиялық ерекшеліктері, түрлері, түршелері, Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген сорттары, екпе дақылдар өнімін бағдарламалау, барынша жоғары мүмкін өнім алуда қарқынды өсіру технологияларының теориялық негіздері, аймақтардың биоклиматын бағалау әдістемесі және осы жағдайларда дақылдар, сорттар мен будандар өсірудің мүмкіндіктері қарастырылған. Сонымен қатар қажетті анықтамалық жадығаттар, тұқымтану, операциялық қарқынды өсіру технологияларын жасау және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сапасын бағалау әдістемелері қамтылған.



**Даев Ж.А.**

**Өндірістік процестердің автоматтандырылған басқару жүйелерін жобалау және құрастыру/ Ж.А. Даев - ЖОО арналған оқулық. Алматы. Альманах, 2018. - 137 б.**

Оқулық ЖОО «Автоматтандыру және басқару» мамандығының студенттері мен магистранттарына арналған, сондай-ақ оқулық автоматтандырылған басқару жүйелерін жобалау, құрастыру және пайдалану мекемелерінің мамандарына арналады.



**Есекешова М. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері: Оқу құралы / М. Есекешова, А. Асаубаева, Л. Данилова. - Астана: Фолиант, 2018.-168 бет.**


Оқу құралы бүгінгі күннің талабына сай жоғары оқу орындарында оқытыла бастаған «Кәсіби педагогикадағы ғылыми-зерттеу негіздері» пәніне арналған. Оқу құралының мазмұнына «Кәсіби педагогикадағы ғылыми-зерттеу негіздері» пәні бойынша кәсіби педагогикадағы ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыру, зерттеу әдістері, нақты мәселелерін зерттеуде қолданылатын әдістері, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жинақтау және қорытындыларының негіздері берілген. Аталған оқу құралы «Кәсіби педагогикадағы ғылыми-зерттеу негіздері» пәні бойынша көмекші құрал болып табылады.



**Мәшеков С.Ә., Быхин Б.Б.  
Материалдарды қысыммен өңдеу теориясы. Оқу құралы,  
Алматы, Альманах, 2018. - 389 бет**


Оқу құралында қазіргі заманғы ғылымдық деңгейде материалдарды қысыммен өңдеу теориясының механика- математикалық негізі (кернеу мен деформация теориясы, реологиялық теңдеулер, пластикалық ағыс теориясының есептерін қою және шығару әдістемелері) баяндалған.

Жаймалау және созу үдерістерінің қазіргі заманғы теориясы, геометриялық сипаттамасы және деформация ауқымының кинематикасы, пішінбіліктің металды тартып алу шарты, металдың деформациялық - кернеулік күйі, кеңею заңдылығы келтірілген. Деформация ауқымының түйісу бетіндегі кернеулерді, күшті, моментті және деформациялау қуатын анықтау әдістері қарастырылған.



**Омарбекова А. Өзін-өзі тану: Хрестоматиялық жинақ / А. Омарбекова, Ф. Жұмабекова. - Астана: Фолиант, 2018.-416 б.**


Хрестоматиялық жинақта «Өзін-өзі тану» пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасы негізінде оқытудың теориясы мен әдістемесіне сәйкес жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгертуге арналған әлемдік рухани ұстаздар мен қазақтың ғұлама ойшылдарының ой-тұжырымдарын таныстыра отырып, интеграциялық білім беруге арналған аңыз-әңгімелер, ертегілер мен дәйексөздер, т.б. жинақталған. Сондай-ақ, оқу үрдісіндегі барлық пәндердің негізіне адамгершілік-рухани тәрбиені білім беру үдерісінде ізгіліктік-жеке тұлғалық тұрғыдан келудің негіздері қарастырылған.



**Р.Ибрагимов Орта мектепте математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. -Алматы, Альманах, 2018. -294бет.**

Оқу құралы педагогикалық жоғары оқу орындары студенттеріне, орта мектеп мұғалімдеріне арналған. Оқу құралында орта мектепте математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі пәнінен лекциялар қоры баяндалған.






**Р.Ибрагимов**


**Математиканы оқытуға проблемалық жандасу технологиялары. Монография. - Алматы, Альманах,, 2018. - 180 бет.**

Монографияда бастауыш сынып оқушыларының математика сабақтарында проблемалық оқыту технологиялары арқылы танымдық іс-әрекеттерін қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздері көрсетілген.




**Р.Ибрагимов Математика бастауыш курсының негіздері. Оқу құралы. - Алматы: Альманах, 2018. - 226 бет.**

Оқу құралы педагогикалық жоғары оқу орындары мен педагогикалық колледждің студенттеріне, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған. Оқу құралында бастауыш мектептегі математика курсының теориялық негіздері пәнінен лекциялар және практикалық сабақтары баяндалған.



**А.А. Алимбекова. Педагогикалық антропология - Алматы, Альманах, - 2018. - 174 б.**

Оқу құралында педагогикалық антропология курсының мазмұны ашып көрсетілген, Педагогикалық антропологияның салалары және қалыптасуы мен дамуы туралы ақпарат берілген. Педагогикалық антропологияның зерттеу нысаны адамның дамуы мен әлеуметтену үдерісінің өзекті мәселелері және К.Д. Ушинскийдің «Адам - тәрбие пәні ретінде», «Педагогикалық антропология тәжірибесі» атты еңбектерінен үзінді берілген. Оқу құралын педагогикалық мамандықта оқитын студенттеріне «Педагогика», «Әлеуметтік педагогика», «Педагогика тарихы», «Жас ерекшелік педагогикасы», «Отбасы педагогикасы» сияқты кәсіптендіру пәндерді оқу барысында қосымша материал ретінде және баланың даму мәселелері қызықтыратын тұлғаларға пайдалануға болады.



**Р.Ибрагимов**

**Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі мен технологиясы. Оқу құралы /Р.Ибрагимов/ Алматы: Альманах, 2018. - 372 бет.**

Оқу құралы педагогикалық жоғары оқу орындары мен педагогикалық колледждің студенттеріне, математика пәні мұғалімдеріне, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған. Оқу құралында бастауыш мектепте математиканы оқыту теориясы мен технологиясы пәнінен лекциялар қоры баяндалған.



**В.Б. Рыстығұлова Механика: Оқу құралы / В.Б. Рыстығұлова /  
Алмағы: Альманах 2018. - 176 б.**

Қазақ тіліндегі оқу құралы жоғары оқу орындарының 5В011000-«Физика» мамандығы студенттеріне арналған, сондай-ақ Механика курсы оқытылатын басқа да жоғары оқу орындарының студенттері пайдалана алады. Оқу құралы «Механика» пәнінің типтік бағдарламасының негізгі бөлімдерін қамтиды. Әрбір бөлімнің соңында қарастырылып отырған тақырыпқа сәйкес есеп шығару мысалдары және өз бетінше шығаруға арналған есептер берілген. Және де студенттердің өзіндік жұмыстарының тапсырмалары келтірілген.



**Ботагариев Т.  
Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі: Оқу  
құралы / Т. Ботагариев. - Астана: Фолиант, 2017.-240 б.**


Оқу құралы модульдерге бөлініп, теориялық, тәжірибелік материалдардан, өзін-өзі тексеру сұрақтарынан, тест тапсырмаларынан жүйеленіп, оқушыға сапалы білім игеруге мүмкіндік береді. Әрбір модуль өзара логикалық байланыста бірізді қалыптасып, сызбалар түрінде көрнекілік принципінің жүзеге асуын қамтамасыз етеді.



**Сұранқұлов Ж.**

**Аймақты инженерлік абаттандыру және көлік: Оқулық / Ж. Сұранқұлов. - Астана: Фолиант, 2018. - 224 б.**

Оқулықта қала құрылысын сәулеттік жобалау негіздері бойынша мәліметтер келтірілген. Қала түрлері, ондағы көше-жол жүйелері, қала аймағын инженерлік жайғастыру және абаттандыру жолдары баяндалған. Сонымен қатар мұнда топырақ түрлері, батпақты жерлерді құрғату жолдары, қала аумағындағы бассейндер және көше, тротуар төселімдерін жобалау ерекшеліктері және табиғаты күрделі жерлерді бекіту әдістері келтірілген.



**А.О.Байарыстанов, Ж.М.Идирисов**

**Сызықтық алгебра және аналитикалық геометрия теориясы мен есептері: оқу құралы.- Алматы, Нур-Принт, 2018. - 172 бет**

Оқу құралында сызықтық алгебра және аналитикалық геометрия бөлімдері қарастырылған. Әрбір тақырыпта теориялық түсініктемелер мен сол тақырыптарға сәйкес есептер берілген.



**К.Кабди**

**Орнықты даму және қоршаған орта менеджменті/ К.Кабди - Алматы: Альманах, 2018.-304б.**


Экожүйеде, немесе белгілі аймақта табиғи тұрақтылық мөлшерлі шегінен аспауға, ондағы барлық орнықты даму сатылары қалыпты жүріліп тұруына бағытталған еаналы басқару жүйесін қалыптастыруға болатындығы белгілі. Осындай белсенді басқару шарасы экологиялық сараптамамен қатар экономикалық есеп-қисап арқылы талдауды талап етеді, себебі бұндай шара айтарлықтай қаржы шығынын талап ететін болады. Сондықтан техникалық және ұйымдастыру шараларымен қатар бұндайда экономикалық талдау өте маңызды болмақ. Студенттік оқырман қауымға ұсынылып отырған бұл оқулық осы жоғарыда келтірілген тұғырға негізделе отырып адамзат өзінің тіршілік кеңістігін қалыптастыру, оны сақтау барысында туындайтын өндірістік және тұтыну әрекеті пайда болғызған зиян мен залалдың мөлшерін сандық өлшемге келтіру әдістемесі мен іс-шараларынан түсінік беру мақсатын көздеген.

**Бақытжанов И.**

**Жылу электр станцияларының қазандық қондырғылары: Оқу құралы / И. Бақытжанов. - Астана: Фолиант, 2018. - 336 б.**

Оқулықта энергетика саласында қолданылатын отынның түрі, олардың көрсеткіштері, ошақтарда өтетін отынның жану құбылыстары мен түтін газ пайда болуы көрсетілген. Отынның жағу тәсілдері мен жылу электр станцияларының қазіргі жоғары қуатты бу генераторларында өтетін жұмыс құбылыстарының физика-химиялық негіздері көрсетілген. Бу генераторларын және олардың құрамына кіретін элементтерін жобалау қағидалары, жылулық есептерін өткізу тәсілдері келтірілген. Бу генераторларында өтетін сұйық қозғалым, жылу алмасу және суының химиялық жұмыс тәртібі көрсетілген. Сондай-ақ атомдық жылу электр станцияларындағы бу өндіру қағидалары, қазіргі ядролық реакторларының (тектегіштерінің) және бу генераторларының құрылысы және қазіргі бу генераторларының құрылысы, оларда өтетін өзгермелі құбылыстардың физикалық негіздері, оларды пайдалану және олардың тиімділігін жоғарылату жолдары қарастырылған.






**Беркінбай О.**

**Аң және құс аурулары // Оқулық. - Алматы. Альманах, 2018. - 482 б.  
Екінші басылым, түзетілген және толықтырылған.**

Оқулық мынадай тараулардан тұрады: глоссарий; Қазақстанның негізгі кәсіби-аңшылық және сирек кездесетін жануарлары; жануарлардың санын реттейтін факторлар; аурулар (инфекциялық аурулар, инвазиялық аурулар); жұқпалы емес аурулар; улану; қоныс аударатын аңдар мен құстардың аурулары және оның ауыл шаруашылығындағы және медицинадағы маңызы; жергілікті аң және құстардың аурулары және аурулардың ошақтылығы; жабайы аң және құс ауруларын алдын алу және сауықтыру принциптері.



**Нарымбетов Сатыбалды.**

**Үштомдық таңдамады шығармалары.**

**I том / Нарымбетов С. — Алматы: «Хантәңірі» баспасы, 2018 - 380 бет.**

Белгілі кинорежиссер, жазушы Сатыбалды Нарымбетовтің бұл жинағына терең психологиялық иірімдерге, драмалық тартыстарға толы бір топ әңгімелері мен «Ассалаумагалейкүм, Атлантида!», «Жанайгай» атты хикаяттары еніп отыр.

Қаламгер өзі куә болған, бастан кешкен оқиғаларды туындыларына өзек ете отырып, тұтас бір кезеңнің көркем шежіресін жасай білген.

**Абылкасымова К.**


**Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі: оқу құралы / К. Абылкасымова. - Алматы, 2017. - 316 б.**



Арнаулы орта және жоғары оқу орындарының филология мамандығының студенттері мен оқытушыларына арналған оқу құралы.


Бұл оқу құралында оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәні бойынша өткізілетін дәрістер мен семинар сабақтарының мазмұны берілген. Қазақ әдебиетін оқу орыс тілінде жүретін мектептерде оқытудың ғылыми негіздері мен өзіндік ерекшеліктері, әдіс-тәсілдері, көркем шығарманы оқып талдаудың кезеңдері мен жолдары, тіл дамыту жұмыстары, салыстыра оқыту және т.б. әдістемелік мәселелер жөнінде студенттерге жан-жақты мағлұмат беру көзделінеді. Дәрістердің тақырыптары, мазмұны және сұрақтар мен тапсырмалар типтік бағдарламаға сәйкес берілген. Шығармашылық сипатта ұсынылған сұрақтар мен тапсырмаларды семинар сабақтарында және студенттердің өз беттерімен орындайтын жұмыстарында пайдалануға болады. Олар студенттерді ізденуге, кәсіби-әдістемелік білімдері мен іскерлік қабілеттерін қалыптастыруға бағыттайды.





**Түсіпбекова Г.М., Ахметов Қ.М. ГЕОГРАФИЯ: Балаларға арналған энциклопедия. / Гүлсім Түсіпбекова, Қадырбек Ахметов. - Алматы: ЖК «Спанова А.Б.», 2017. - 480 бет.**


Балаларға арналған бұл энциклопедиялық анықтамалық Жердің пайда болуынан бастап, оның геологиясы (ішкі қыртысы) мен жер бедерінің қалыптасу кезеңдерін, ондағы тіршіліктің даму сатыларын қамтыған. Қазіргі дүние табиғатына сипаттамалар берілген. Адамзат өркениетінің кезеңдерін қамти отырып, дүниежүзі елдерінің аймақтар бойынша қалай топтастырылғаны баяндалады.



**Елшібаева К. Ф.**

**Геронтопсихология негіздері. Оқулық: Алматы, Нур-Принт, 2017 - 184 бет.**

Бұл оқулық геронтопсихология саласында егде және қарттық жастағы адамдар туралы қазіргі заман білімінің толық көрінісін береді. Кітап әр қайсысы, көрсетілген категориядағы адамдар жас мөлшері кезеңдерінің төмендегі векторлары бойынша психологиясының ерекшеліктерін сипаттайтын сегіз тарауға бөлінген: когнитивті ерекшеліктері, аффективті саласы мотивациялық саласы, мінез-құлықтық ерекшеліктері, МЕН-концепциясының ерекшеліктері.




**Гидрогеологиялық ұнғыларды бұрғылау және жабдықтау / Ратов Б.Т. Алматы, ТОО «KazBookTrade», 2018 - 182 б., 14 кесте, 56 сурет.**

Оқу құралында кенінен қолданысқа ие болған сулы қабаттарды ашу және гидрогеологиялық ұнғыларды сүзгілермен жабдықтау әдістері көрсетілген. Сүзгілер типін және оларды орналастыру әдістерін тандау бойынша ұсыныстар берілген. Қабаттарды ашу кезінде жұтылу мен ұнғы қабырғаларының тұрақтылық мәселелері қарастырылған. Гидрогеологиялық ұнғыларды бұрғылау кезінде тәжірибелік тапсырмаларды шешу үшін кавернометрияны, резистивиметрияны және микрозондтауды қолдануға назар аударылған. Шетелдік бұрғылау тәжірибесіне қысқаша сипаттама берілген. Гидрогеологиялық ұнғыларды бұрғылау және жабдықтауды жетілдіру әдістері көрсетілді.

**Құлманова Г.Ә., Беркінбай О., Әбеуов Х.Б., Ақоев М. Экологиялық туризм // Оқулық. Редакциясын басқарған академик О.Беркінбай. - Алматы, 2017.-407 бет. Үшінші басылым, түзетілген, толықтырылған.**


Оқулық келесі: алғысөз; негізгі түсініктер мен терминдер; Қазақстандағы туризмнің қазіргі кездегі жай-күйі және даму проблемалары; туризмнің және туристік қызметтің нормативтік-құқықтық базасы; туристік өнімнің жарнамасы мен маркетингі; аңшылық турды ұйымдастыру және жүзеге асыру; Іле-Алатау ұлттық табиғи бағының биологиялық алуан түрлілігі; Қазақстандағы экологиялық туризм; аңшылық туризмдегі менеджмент; Қазақстандағы экологиялық туризмнің дамуы; Қазақстандағы аңшылық туризм; әуесқой балықшылық; су туризмі; атты туризм; туризм және қонақ үйі ісі; «Жануарлар әлемін қорғау, өсіру және пайдалану туралы, Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы»; «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік қадағалау туралы» заңдары мен олжаны алғашқы өңдеу және оны шетелге шығару тәртібі бөлімдерінен тұрады.





**Құлдыбаев М.М., Шоқанов Н.Қ. Микробиология пәнінің практикалық сабақтары: оқу құралы / М.М. Құлдыбаев, Н.Қ. Шоқанов. - Алматы: ЖШС «KazBookTrade», 2017.- 144 бет.**


Оқу құралында микробиология ғылымының теориялық қырларын іс-тәжірибеде пайдалану жайы баяндалады. Бұл еңбек студенттердің лабораториялық жағдайда микробиологияның келелі салалары бойынша жұмыс істеу дағдысын жетілдіруге көмектеседі.



**Мұнай және газ ұңғыларын жөндеудің күрделі технологиялары; Оқу құралы / Б.Т. Ратов, М.Х. Ибылдаев, Алматы; ТОО «KazBookTrade», 2018.- 316 б, 48 кесте, 156 сурет.**


Оқу құралында Мұнай және газ ұңғыларын жөндеу кезіндегі орындапатын жұмыстардың негізгі түрлері, ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарындағы негізгі технологиялық ұрдістер және жөндеу кезіндегі қолданылатын құрал- жабдықтардың конструкциялары келтірілген.

Ұңғыларды күрделі жөндеу кезінде құм тығындарын жою, ұңғыларды жуу, сұйықтықты сіндіруші ұңғылардағы құм тығындарын жою, қысымдыауамен ұңғыны тазалау, ұңғыны көбікті сұйықпен жуу, ұңғы жағдайын зерттеу, бакылау және оқшаулау жұмыстары, ұңғының түп маңы аймағын әр түрлі заттармен бекіту, ұңғыларда калған құбырларының жоғарғы ұшын жөндеу, ұңғы ішінде қалып қойған құбырларды және басқа құралдарды іліп алу, екінші оқпанды кесу, ескі оқпаннан ауытқу, екінші оқпанды бұрғылау, түп маны аймағынын өткізгіштіктерін жоғарлату әдістері және қабатты суды қысымды айдаумен ажырату ұңғыны күрделі жөндеуден кейінгі игеру және сынау жұмыстары қарастырылған.



**Əлиев Б., Тоғанбаев Т. Ауылшаруашылық машиналарының тетіктерін реттеу / Əлиев Б., Тоғанбаев Т. - Алматы: ЖШС «KazBookTrade», 2017,- 192 бет.**

Бұл кітапта ауыл шаруашылық машиналарын жұмысқа қосу және жұмыс барысында кездесетін ақауларды жөндеп, реттеу үшін көптеген техникалық кеңес беріледі. Машиналарды дұрыс күтіп ұстаумен бірге, механизмдердің тозу дәрежесіне, техникалық процесіне және агротехникалық шараларға байланысты үнемі үйлестіре реттеп отыру қажет. Машина тетіктерін реттеудің көптеген жолдары бар. Мәселен, бір ғана технологиялық процесті бірнеше механизм атқаратыны белгілі. Егерде сол механизмдердің біреуінің жұмысы дұрыс реттелмесе, ол басқа барлық процестерге кері әсерін тигізері сөзсіз. Сондықтан да реттеулерге көп мән берген жөн. Бұл кітаптың алдына қойған негізгі мақсаты сол - реттеулердің ең қолайлы, әрі тиімді түрлерін көрсету.



**Əрісбаев Қ. Арам шөптерді химиялық әдістермен жою жолдары. - Алматы: ЖШС «KazBookTrade», 2017.- 152 бет.**

Арам шөптерді агротехникалық шаралар арқылы ғана емес, химиялық жолмен де көптеп жоюға болады. Әсіресе соңғы әдістің пайдасы өте-мөте зор. Мәселен, гербицидпен өндеу арқылы егістіктегі арам шөптердің 90 процентін жоюға, сөйтіп қосымша 20-30 процент өнім алуға болатындығы айқындалып отыр. Оның үстіне қол еңбегі мен қаржы да аз жұмсалады.

Химиялық препараттарды әр ауданның топырақ құрамына, ауа райына байланысты әр түрлі мөлшерде әр кезде пайдаланады. Бірақ гербицидтердің пайдалы әсері республикамызда әлі толық зерттеліп болған жоқ.